

**«Педагогикалық идеялар панорамасы»
Мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім
ұйымдары үшін бейне-сабақтар мен бейне-дәрістердің жыл сайынғы
Республикалық конкурсы туралы
Ереже**

1. Конкурстың жалпы ережелері

Осы Ереже мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім ұйымдары үшін бейне-сабақтар мен бейне-дәрістердің жыл сайынғы «Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу және қатысу тәртібі мен талаптарын реттейді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері (10.01.2018ж. және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: кірістер мен өмір сапасының артуы» (05.10.2018ж.) атты Жолдауларын іске асыру аясында өткізіледі.

1.1. Конкурс мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім ұйымдары педагогикалық қызметкерлерінің заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін қолдану бойынша тиімді практикаларын және озық тәжірибелерін таныстыру мен тарату формаларының бірі болып табылады

1.2. Конкурсты өткізу білім беруді дамытып, озық педагогикалық практикаларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Конкурс педагогтардың кәсіби және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерінің өсуіне қызмет етеді, ал олардың үздіктері қоғамдық мойындауды алады.

1.3. Конкурстың ұйымдастырушысы – «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Өрлеу» БАҰО) АҚ).

1.4. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін Орталық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымкомитет) құрылады, оның құрамын «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқармасы мен өңірлік және республикалық кезеңде Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін жауапты «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының әрбір базасындағы Өңірлік ұйымдастыру комитеттері (бұдан әрі - ӨҰК) анықтайды.

1.5. ӨҰК Төрағалары «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының директоры болып табылады.

1.6. Түскен бейне материалдарға бағалау жүргізу мақсатында әрбір өңірде Сараптама кеңесі құрылады, олар білім беру, оқыту әдістемесі, медиа технология саласындағы білікті мамандар қатарынан жасақталады және ӨҰК төрағасы бекітеді (1 қосымша). Сараптама кеңестерінің төрағалары «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының директорлары болып табылады. Сараптама кеңестерінің мүшелері филиалдар қызметкерлері, тысқары білім беру ұйымдарынан тартылған білікті мамандар, сондай-ақ құрметті еңбек демалысында жүрген беделді педагогтар бола алады.

1.7. ӨҰК Ұйымкомитет әзірлеген Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі біріңғай іс-шаралар жоспары бойынша әрекет етеді және Сараптама кеңесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1 Конкурстың мақсаты – біріңғай ақпараттық-білім кеңістігінде заманауи педагогикалық тәжірибені жинақтау және насихаттау, педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзыреттіліктерін арттыру.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- педагогтың мәртебесін нығайтуға және оның беделін көтеруге жәрдемдесу;
- үздік педагогикалық практикаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;
- ҚР виртуалдық білім берудің кеңістігінде үздік бейне-сабақтар мен бейне-дәрістер қорын ұлғайту.

3. Конкурс мынадай бағыттарды қамтиды:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы заманауи технологиялар;
- орта білім беруді оқытудағы заманауи технологиялар;
- техникалық және кәсіптік оқытудағы заманауи технологиялар;
- жоғары білімді оқытудағы заманауи технологиялар;
- қосымша білім беруді оқытудағы заманауи технологиялар.

4. Конкурстың тілі

Қазақ, орыс, ағылшын.

5. Бейнематериалдың мазмұны мен түрі:

- дәріс (*оқыту мен тәрбиелеу әдісі, белгілі бір саладағы идеялар жүйесін дәйекті монологтық баяндау*);

- сабақ (*оқу жұмысын ұйымдастыру формасы, осы жағдайда педагог оқу бағдарламасында айқындалған білім алушыларға қойылған дидактикалық және тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу үшін саналуан әдістерді пайдалана отырып, нақты кесте бойынша тұрақты құраммен дәл белгіленген уақыт шеңберінде жұмыс жасайды*);

- практикалық/лабораториялық жұмыс (*теориялық білімдерді тереңдету мен бекіту, дербес сынақтан өту дағдыларын дамыту мақсатындағы өздік практикалық жұмыс түрлерінің бірі*);

- семинар (*жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген мәселелерді, проблемаларды, тақырыптарды білім алушылардың өздігінен оқып үйренуіне құрылған, артынша материалды баяндама, реферат түрінде рәсімдейтін және оны бірлесіп талқылайтын оқу процесінің формасы*);

- шеберлік сыныбы (*өзінің белгілі бір шығармашылық саласында, педагогикалық қызметте маман өткізетін тәжірибелік шеберлікті жетілдіру бойынша оқытудың айрықша әдісі және нақты сабақ*).

6. Конкурсқа қатысу тәртібі

6.1. Конкурсқа ведомстволық бағыныстылығына, меншік түрі мен нысанына қарамастан жиырма екі аталым бойынша білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері қатыса алады. (2- қосымша).

6.2. Конкурсқа педагогтар жеке дара, сондай-ақ шығаршылық ұйымдар арқылы қатысуға құқылы.

6.3. Конкурсқа қатысушыларда «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдары қызметкерлерінің қатарынан міндетті түрде жетекшісі (жетекшілері) болуға тиіс

6.4. Конкурсқа қатысушылар беретін бейне материалдар саны шектелмейді. Әрбір бейне материалға Конкурсқа қатысу өтінімін толтыру қажет (3-қосымша).

6.5. Конкурсқа қатысуға бұрын жарияланбаған, басқа конкурстарға қатыспаған, интернет желісіне орналастырылмаған бейне материалдар жіберіледі.

6.6. Конкурсқа ұсынылған бейне материалдар «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының қолдауымен немесе бірлесіп жасалуға тиіс.

7. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Конкурс үш кезеңде өткізіледі.

- 7.1. Бірінші кезең – даярлық, мыналарды қамтиды:
- 7.1.1 орталық және өңірлік ұйым комитеттерін құруды (бұдан әрі –Ұйымкомитет және ӨҰК тиісінше);
 - 7.1.2 өңірлік Сараптама кеңестерін құруды;
 - 7.1.3 Конкурсты даярлау мен өткізу жөнінде Ұйымкомитеттің біріңғай іс-шаралар жоспарын әзірлеуі;
 - 7.1.4 жарнама өнімдерін жасауды және оны насихаттау және ел педагогтарын Конкурсқа тарту шеңберінде таратуды;
 - 7.1.5 жіберілген бейне материалдардың аккумуляциясы үшін бұлттық шешім құрастыру. Әрбір филиалда жеке бұлт құрылады.
- 7.2. Екінші кезең – өңірлік, қызметтің мынадай түрлерін қамтиды:
- 7.2.1 ӨҰК конкурсқа қатысу өтінімдерін жинайды және жетекшіні (лерді) анықтайды.
 - 7.2.2 жетекші (лер) міндетті түрде конкурс жұмыстарын жасау/жетілдіру бойынша әдістемелік және техникалық көмек көрсетеді, бейнематериалдың карточкасын толтырады (4 қосымша, электронды түрде Ұйымкомитет жіберетін болады).
 - 7.2.3 бейнематериал жасалып, жетілдірілгеннен кейін жетекші (лер) оны «Өңірлік конкурс материалдары» папкасындағы тиісті аталымдар бойынша тарауларындағы бұлтқа жүктеу үшін ӨҰК-ке жібереді. Бейне материалды жүктеген кезде файлдың атауы бейне-сабақтың және (немесе) бейне-дәрістің атауына сәйкес болуы тиіс.
 - 7.2.4 конкурстық жұмыстарды жүктеу кезеңі аяқталғаннан кейін ӨҰК барлық материалдарды өңірлік Сараптама кеңесіне береді.
 - 7.2.5 Сараптама кеңесі критерийлерге сәйкес конкурс жұмыстарына бағалауды жүзеге асырады және ӨҰК-ға Республикалық кезеңге қатысу үшін әрбір аталым бойынша үш үздік жұмысты ұсынады.
 - 7.2.6 филиалдың ӨҰК Ұйымкомитеттің атына 5 қосымшаға сәйкес әрбір аталымда Конкурстың өңірлік кезеңінде жүлделі орын алған үш фильмге сілтемені жолдайды. (Ұйымкомитет электронды түрде жіберетін болады). Сондай-ақ электронды түрде Ұйымкомитеттің атына ӨҰК төрағасы куәландырған баллдармен Сараптама кеңесі отырысының хаттамасы да жолданатын болады (әрбір критерий бойынша, PDF форматында) Республикалық кезеңде Конкурстың өңірлік кезеңіндегі алынған балдар есептелінбейді.
- 7.3. Үшінші кезең – республикалық, мыналарды қамтиды:
- 7.3.1 Ұйымкомитет жиырма екі аталым шеңберінде конкурс жұмыстарының біріңғай тізімін қалыптастырады және оны Сараптама кеңестерінің бағалауы үшін әрбір филиалдың РӨК-на жөнелтеді (6 қосымша, электронды түрде Ұйымкомитет жіберетін болады).
 - 7.3.2 Республикалық кезең өңірлік Сараптама кеңестерінің дауыс беруі нәтижесінде үздік жұмыстарды іріктеуімен аяқталады.
 - 7.3.3 Әрбір филиалдың ӨҰК электронды түрде (Microsoft Excel және PDF форматында) Ұйымкомитеттің атына сарапшылар мен ӨҰК төрағасы куәландырған Сараптама парақшаларын жолдайтын болады (6 қосымша, электронды түрде Ұйымкомитет жіберетін болады).
 - 7.3.4 дауыс беру нәтижесінде алынған жиынтық балдар қорытынды болып табылады.
 - 7.3.5 Ұйымкомитет өңірлік кезең жеңімпаздарын (жиырма екі аталымда 1,2,3 орын алған) «Өрлеу» БАҰО» АҚ білім арнасындағы You Tube-те орналастырады.
- 7.4. Конкурс қорытындылары «Өрлеу» БАҰО» АҚ сайтында орналастырылады.
- 7.5. Кезеңдер мерзімдері «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқармасының бұйрығымен анықталады.
- 7.6. Авторлық құқықтар.
- Конкурсқа қатысушы өзінде кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға болатын мүліктік және мүліктік емес (айрықша) авторлық құқықтың бар екендігіне кепілдік береді. Конкурсқа қатысушылар үшінші тұлғалардың авторлық (сабақтас) құқықтарын бұзғандығы үшін жеке жауапкершілік көтереді.

Қатысушы тапсырған және Конкурста пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтардың бұзылуына байланысты үшінші тараптардың талаптарын Конкурста қатысушы өз күштерімен және өз есебінен шешуге міндеттенеді.

Конкурста өз жұмысын жібере отырып, автор тапсырылған материалды Конкурстың ұйымдастырушысына олардың ұйғарымы бойынша шектеусіз мерзім бойында ақысыз (сыйақы төлеусіз) шарт қоймай пайдалану құқығын, Конкурста қатысқан бейнені жария тарату оның ішінде оны интернет желісіне, телебағдарламаларға орналастыру, шығармашылық жобаларға қосу, БАҚ-та жариялау, одан кейін тарату, шығармашылық өңдеу құқығын қоса алғанда (алайда олармен шектелмей) және т.б.) автоматты түрде береді. Конкурста жіберілген жұмыстар (бейне) рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Қатысушы Конкурста қатысуымен Конкурс ұйымдастырушысына дербес мәліметтерін (тегін, атын, әкесінің атын, электронды поchtатасының мекенжайын, бейнелелеуді (фотографияны) және өзге дербес мәліметтерді) пайдалануға және өңдеуге өз келісімін береді.

Конкурста барлық қатысушылар өз аттарын, тектерін, әкесінің аттарын, және бейнелеулерді (фотографияларды) Конкурс ұйымдастырушысының сайтына орналастыруға, сондай-ақ баспасөз басылымдарына, радио- және телевизиялық хабарларға, Интернет-БАҚ-қа және ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарында, You Tube, Facebook-ты қоса алғанда (шектеусіз) таратуға өз келісімін береді .

8. Конкурсты бағалау критерийлері:

8.1. педагогикалық идея: педагогикалық идеяны ану - автор өзінің жеке педагогикалық тәжірибесінде қолданатын педагогикалық ережелердің, тұжырымдамалардың немесе технологиялардың бейнематериалда көрінуі;

8.2. өзектілігі, білім берудің заманауи талаптарына сай болуы;

8.3. практикалық бағыттылығы;

8.4. материалдың әдістемелік құндылығы;

8.5. педагогикалық идеялардың жан-жақтылығы – білім алушылардың әртүрлі категориялары үшін педагогикалық идеяларды басқа жағдайларда пайдалану мүмкіндігі;

8.6. автордың тіл мәдениетін сақтауы – мәнерліліктің тілдік және тілдік емес құралдарын қолдану, сөйлуді фонетикалық ұйымдастыру, екінің дұрыстығы, айқын мақам, арнайы терминология мен белгілерді пайдалану дұрыстығы;

8.7. сюжеттік желіні құру қисыны (сюжеттің түйіні, мәселенің/проблеманың қойылуы, мәселенің/проблеманың шешілуі);

8.8. оқу материалдардың мазмұның көзбен көру кенті қатарының сәйкестігі;

8.9. көрнекілік қатар сапасы;

8.10. дауыстық сүйемелдеудің сапасы.

8.1. – 8.10 тармақтары критерийлерінің әрқайсысы бойынша 0-ден бастап 2 балға үшін беріледі (0 балл – бағалау критерийі көрсетілмеген, 1 балл – ішінара көрсетілген, 2 балл-толық көрсетілген).

9. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

9.1 Мазмұны:

- конкурс жұмысының Конкурс бағыттарына сәйкестігі;
- ҚР МЖБС - сәйкестігі;
- арнайы терминология мен белгілерді пайдалану дұрыстығы;

9.2 Бейнематериалдардың техникалық сипаттамасы:

- HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін;
- формат *.mp4.

• бейнематериалдың хронометражы 15 минутқа дейін;

9.3 аудио және видеуо контенттің тысқары өндірушілерінің авторлық құқықтарын сақтау

9.4 Ілеспе құжаттар:

- Конкурса қатысу үшін отінім (3- қосымша);

10. Конкурстың Республикалық кезеңінің жүлде қоры:

Жүлделі орындар үшін ақшалай сыйақылар көзделген. Жүлделі орындар әрбір тақырыптық бағыттар үшін анықталады (1,2,3 орындар жиырма екі аталымға берілетін болады). Өңірлік және республикалық кезеңдер конкурсына барлық қатысушылар марапаттау құжаттарын алады. (Қатысу сертификаттары немесе 1,2,3 дәрежедегі жеңімпаздар дипломдары)

Конкурса қатысу мәселесі бойынша «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдары облыстардың және Алматы, Астана, Шымкент қалаларының педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттарына хабарласыңыз

**Педагогикалық идеялар панорамасы» бейне-сабақтар мен бейне-дәрістердің
Республикалық конкурсы
АТАЛЫМДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи технологиялары	
1.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әдіскерлері
2.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешілері
Орта білімді оқытудағы заманауи технологиялар	
3.	Бастауыш сыныптар мұғалімі
4.	Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
5.	Орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі
6.	Ағылшын тілінің мұғалімі
7.	Математика мұғалімі
8.	Информатика мұғалімі
9.	Физика мұғалімі
10.	Химия мұғалімі
11.	Биология мұғалімі
12.	География /жаратылыстану мұғалімі
13.	Тарих пен құқық, дінтану мұғалімі
14.	Өзін-өзі тану мұғалімі
15.	Бейнелеу өнерінің/музыка мұғалімі
16.	Технология/сызу мұғалімі
17.	Дене шынықтыру мұғалімі
Техникалық және кәсіптік білім берудегі заманауи технологиялар	
18.	Арнайы пәндер оқытушылары
19.	Жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары
20.	Өндірістік оқыту шеберлері
Жоғары білімді оқытудағы заманауи технологиялар	
21.	ЖОО педагогикалық мамандықтарының профессорлық оқытушылар құрамы
Қосымша білім берудегі заманауи технологиялар	
22.	Қосымша білім беру педагогтары

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ»
КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ӨТІНІМІ**

№	Негізгі параметрлер	Параметрлерді толық жазу
1	Файлдың/бейне материалдың атауы:	
2	Такырыптық бағыт (Конкус туралы Ереженің 3-тармағы)	
3	Аталым (2-қосымша)	
4	Бейне материалдың үлгісі (Конкус туралы Ереженің 5-тармағы)	
5	Бейне материалдың қысқаша сипаттамасы (30 сөзден аспайды)	
6	автордың Т.А.Ә. (толық)	
7	Лауазымы	
8	Білім беру ұйымының атауы	
9	Білім беру ұйымының мекенжайы	
10	Қатысушылардың электрондық мекен-жайы	
11	Байланыс телефоны	
12	«Өрлеу» БАҰО» АҚ БАИ филиалы жетекшісі (лерінің) ТӘА	
13	«Өрлеу» БАҰО» АҚ БАИ филиалы жетекшісі (лерінің) лауазымы	
14	«Өрлеу» БАҰО» АҚ БАИ филиалы жетекшісі (лерінің) электронды мекенжайы	
15	«Өрлеу» БАҰО» АҚ БАИ филиалы жетекшісі (лерінің) байланыс телефондары	
Шығармашылық ұйымдар үшін 7-11- тармақтар әрбір қатысушы үшін бірінғай кестеде толтырылады		